

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2026 жылғы 5 тамыздағы № 123 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 6 тамызда № 39519 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі*

С. Жумангарин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2026 жылғы 5 тамыздағы
№ 123 бұйрығымен
бекітілген

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуына тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 22 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18490 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тексеру парағында:

реттік нөмірі 8-жолда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. "Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы жылдық есепті дайындау және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 20 маусымдағы № 118 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32870 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы жылдық есепті дайындау және бекіту қағидаларында:

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) реттеушілік әсерді талдау жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы есеп (бұдан әрі – РӨТ жөніндегі есеп) – астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың кәсіпкерлік саласында басшылықты жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы қалыптастырған есеп;"

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есептер/РӨТ жөніндегі есептер реттеуші мемлекеттік органдардың/астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың кәсіпкерлік саласында басшылықты жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурсында орналастырылады және есепті жылдан кейінгі жылдың 10 ақпанынан кешіктірілмей уәкілетті органға енгізіледі.";

6-тармақта:

2) тармақшаның бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"тексерілетін адал субъектілерді көтермелеу, бақылауды және қадағалауды бұзушыларға шоғырландыру негізінде мемлекеттік бақылаудың және қадағалаудың жүргізілуіне байланысты кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауы үшін оларды ынталандыру жөніндегі шаралар туралы ақпарат;"

2) тармақшаның жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар қамтылады;"

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жылдық есепті қалыптастыру кезеңінде қажет болған кезде, бірақ осы Қағидалардың 9-тармағында айқындалған жылдық есепті қалыптастырудың мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей уәкілетті орган есептерді/РӨТ жөніндегі есептерді пысықтау үшін ескертулерді алған кезден бастап оларды күнтізбелік 10 (он) күн ішінде пысықтайтын тиісті реттеуші мемлекеттік органға/астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың кәсіпкерлік саласында басшылықты жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органына жолдайды.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Рұқсат беру құжаттары жөніндегі ақпаратта:

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

4.	Өтініш берген кезден бастап рұқсат беру құжатын берудің ең ұзақ мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бе	Иә _____ Күндер саны _____ _____ жұмыс күні, күнтізбелік _____ _____ күн пайдаланылады
----	--	---

”;

реттік нөмірі 6 және 15-жолдарда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өзін-өзі реттейтін ұйымдар жөніндегі ақпаратта: реттік нөмірі 7-жолда орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген Қағидаларға 6-қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Кәсіпкерлік саласындағы міндетті талаптардың тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 131 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32986 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кәсіпкерлік саласындағы міндетті талаптардың тізілімін жүргізу қағидаларында:

6-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) реттеушілік актіге талдау (бұдан әрі – РАТ) жүргізудің ұсынылатын мерзімдерін көрсетеді.

РАТ жүргізу мерзімдері ай мен жыл форматында көрсетіледі, онда көрсетілген айдан кейінгі бірінші күнге дейін РАТ жүргізу рәсімдері аяқталады және оны жүргізудің келесі мерзімі айқындалады.

РАТ жүргізу мерзімдері осы тармақтың алтыншы абзацында белгіленген жағдайларды қоспағанда, реттеушілік акт қабылданған күннен бастап немесе алдыңғы РАТ рәсімі аяқталған күннен бастап заңдар үшін үш жылдан, ал өзге де нормативтік құқықтық актілер мен өзге де құжаттар үшін екі жылдан аспауға тиіс.

Кодекстің 82-бабының 4-тармағына сәйкес құрылатын Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ұсынымы бойынша кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган негіздеме және (немесе) оны жүргізудің өзге мерзімін белгілеу қажет болған жағдайда РАТ жүргізудің өзге мерзімін белгілейді.”;

11-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген талаптар бойынша тізілімнен алып тасталған не тізілімде болмау фактісі анықталған күннен бастап алты ай ішінде”;

көрсетілген бұйрыққа қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәсіпкерлік саласындағы
міндетті талаптардың тізілімін

жүргізу қағидаларына
қосымша";

көрсетілген Қағидаларға қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Тізбеге 1-қосымша
Қазақстан Республикасындағы
кәсіпкерлік қызметті реттеудің
жай-күйі туралы жылдық есепті
дайындау және бекіту
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Өңірлік маңызы бар актілердің жобаларын әзірлеушілердің, өңірлік палатаның және басқа мүдделі тұлғалардың белгіленген рәсімдерді сақтауы туралы берілген қорытындылар туралы ақпарат _____

(астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың кәсіпкерлік саласында басшылықты жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органының атауы)

1.	Реттеушілік әсерді талдау рәсімдерін сақтау туралы берілген қорытындылар саны (оң және теріс қорытындылардың санын көрсете отырып)	
2.	Реттегіш құралды енгізуді немесе реттеуді қатаңдатуды жоспарлау кезінде реттеушілік әсерді талдау рәсімдерінің сақталуы туралы берілген қорытындылардың саны (оң және теріс қорытындылардың санын көрсете отырып)	
3.	Қайта қарау жоспарын орындау шеңберінде реттеушілік әсерді талдау рәсімдерінің сақталуы туралы берілген қорытындылардың саны (оң және теріс қорытындылардың санын көрсете отырып)	
4.	Астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдігі жанындағы ведомствоаралық сипаттағы мәселелер жөніндегі консультативтік-кеңесші орган мақұлдаған реттегіш құралдардың немесе реттеуді қатаңдатудың саны (хаттама күні мен нөмірі)	

5.	Реттегіш құрал немесе реттеуді қатаңдату қолданысқа енгізілген күн
----	--

Тізбеге 2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
2023 жылғы 30 маусымдағы
№ 131 бұйрығына
қосымша

Кәсіпкерлік саласындағы міндетті талаптардың тізілімі

p/c №	Реттеушілік акт	Кәсіпкерлік саласы (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің бөлімдері бойынша)	Реттеуші мемлекеттік орган	Реттеушілік актіге талдау жүргізу мерзімі	Құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесіне гиперсілтеме	Реттеушілік актілер дерекнамасына сілтеме	Реттеушілік актінің мәртебесі
1	2	3	4	5	6	7	8
	1. Заңдар						
	2. Заңға тәуелді актілер						
	3. Өзге де реттеушілік актілер						